

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

Директорлық кеңес хаттама №1

Өткізілген күні: 29 қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: Директордың жанындағы кеңес

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1. 2025-2026 оқу жылына мектеп жоспары. Шукеева Г.У.

2. Жаңа оқу жылына кадрлармен толықтыру. Беймагамбетова А.Т.

3. Мектеп оқушыларын оқулықпен қамтамасыз ету. Ахметова А.А.

4. Аз қамтылған отбасылармен жұмысты жоспарлау. Хамзина А.Е.

5. 3-10 сыныптарда барлық пәндер бойынша бастапқы бақылау жұмыстарының (кіріс бақылау) қорытындылары. Кожухметова А.М.

1. Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Шукеева Г.У. сөз сөйледі. 2025–2026 оқу жылына арналған мектептің жылдық жұмыс жоспары таныстырылды.

Жоспарда төмендегі бағыттар қамтылғаны айтылды:

- Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру
- Білім сапасын арттыру шаралары
- Әдістемелік жұмысты жетілдіру
- Тәрбие жұмысы
- Педагогтердің кәсіби дамуы
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау шаралары
- Ата-аналармен жұмыс
- Мектепшілік бақылау жүйесі

Жылдық жоспар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленгені атап өтілді.

2. Екінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары Беймагамбетова А.Т. сөз сөйледі. 2025–2026 оқу жылына арналған штаттық кесте бойынша бос орындар туралы ақпарат берді.

Қазіргі таңда келесі бос лауазымдар бар екені хабарланды:

- Биология пәні мұғалімі – 1 бірлік
- Математика пәні мұғалімі – 1 бірлік
- Физика пәні мұғалімі – 1 бірлік
- Әлеуметтік педагог – 0,5 бірлік
- Іс жүргізушісі – 1 бірлік
- Аула сыпырушы – 1 бірлік

3. Үшінші сұрақ бойынша кітапханашы Ахметова А.А. сөз сөйлеп, мектеп оқушыларының оқулықпен қамтамасыз етілу деңгейі туралы мәлімет берді. Қазіргі таңда оқушылардың 100% оқулықпен қамтылғанын айтты.

Төртінші сұрақ бойынша әлеуметтік педагог Хамзина А.Е. сөз сөйледі. Аз қамтылған отбасылардың тізімі жоқ деп ақпарат берді. Мектепте қамқоршы 2 отбасы тіркелгені айтылды. Олар Ысқақ Амандық 6А сынып оқушысы және Симонова Дарья 9Б сынып оқушысы.

Бесінші сұрақ бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары Кожаметова А.М. сөз сөйледі. Кіріс бақылау жұмыстарының негізгі мақсаты білім алушылардың өткен оқу жылындағы білім деңгейін анықтау, білімдегі олқылықтарды айқындау және жаңа оқу жылына жоспар құру екенін атап өтті. Бақылау жұмыстары барлық пәндер бойынша жүргізілді. Жалпы 3–10 сыныптар бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші – 49%
Үлгерім – 95%

Пәндер бойынша қысқаша талдау:

- **Қазақ тілі мен әдебиеті:** Оқушылардың көпшілігі мәтінмен жұмыс жасауда киналады, орфографиялық қателер кездеседі. Білім сапасы – 57 %.
- **Орыс тілі мен әдебиеті:** Оқушылардың көпшілігі мәтінмен жұмыс жасауда киналады, орфографиялық қателер кездеседі. Білім сапасы – 36 %.
- **Математика (алгебра, геометрия):** Есеп шығару дағдылары орташа деңгейде. Формулаларды қолдануда қиындықтар байқалды. Білім сапасы – 42 %.
- **Ағылшын тілі:** Оқу және жазу дағдылары қалыптасқан, бірақ грамматикалық құрылымдарды қолдануда қателер бар. Білім сапасы – 50 %.
- **Жаратылыстану бағытындағы пәндер (биология, физика, химия):** Теориялық білім бар, практикалық тапсырмаларды орындауда кейбір олқылықтар анықталды. Білім сапасы – 47 %.
- **Қоғамдық-гуманитарлық пәндер (тарих, география):** Картамен жұмыс, даталарды есте сақтау бойынша қиындықтар байқалды. Білім сапасы – 52 %.
- **Информатика:** Теориялық білім қанағаттанарлық, практикалық дағдыларды жетілдіру қажет. Білім сапасы-60 %.

Қорытынды:

Кіріс бақылау нәтижелері бойынша кейбір сыныптарда білім сапасының төмендеу себептері:

- Жазғы демалыс кезіндегі білімнің ұмытылуы;
- Жеке білім алушылардың оқу мотивациясының төмендігі;
- Негізгі тақырыптар бойынша білім олқылықтарының болуы.

Шешімі:

1. «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-нің 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Үміткерлерді іріктеу барысында біліктілік санаты, еңбек өтілі және кәсіби құзыреттілігі ескерілсін.
3. Кітапханашыға оқулықтардың сақталуын және жыл соңында толық қайтарылуын бақылауға алсын.
4. Материалдық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру (мектеп формасы, оқу құралдары, ыстық тамақпен қамту).
5. Пән мұғалімдері анықталған білім олқылықтары бойынша түзету жұмыстарын ұйымдастырсын.

Хатшы: _____ Кожаметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

Директорлық кеңес хаттама №2

Өткізілген күні: 27 қазан 2025 жыл

Өткізілген орны: Директордың жанындағы кеңес

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1. Оқушылардың мектепке бейімделу процесін бақылау. Психолог Исакова А.Е., Кишкентаева Д.О.

2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысы. Беймагамбетова А.Т.

3. Мектеп құжаттамасын жүргізу сапасын бақылау. Оқу ісінің орынбасары Кожаметова А.М.

4. «Bilimclass» жүйесіндегі жұмыс мониторингі. Оқу ісінің орынбасары Беймагамбетова А.Т.

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологтары Кишкентаева Д.О. мен Исакова А.Е. сөз сөйледі. Бақылау мақсаты: Оқушылардың мектеп жағдайына (оқу процесіне, ұжымға, мұғалімдерге, күн тәртібіне) бейімделу деңгейін анықтау және қиындықтардың алдын алу.

1-сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі. 1-сынып – баланың мектеп өміріне алғаш қадам басатын кезеңі. Бұл кезеңде оқушылар жаңа ортаға, жаңа тәртіпке, мұғалім талабына үйренеді.

Бейімделу нәтижелері:

- Оқушылардың басым бөлігі мектеп ережелерін қабылдады.
- Сабақ кестесіне және күн тәртібіне үйренді.
- Мұғаліммен және сыныптастарымен қарым-қатынас орнатты.
- Оқу әрекетіне қызығушылығы қалыптаса бастады.
- Көпшілігі өз-өзіне қызмет ету дағдыларын (сөмке жинау, құралдарын дайындау) меңгерді.

Қорытынды:

1-сынып оқушыларының бейімделуі қанағаттанарлық деңгейде өтті. Кейбір оқушыларға қосымша психологиялық қолдау қажет.

5-сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі. 5-сынып – бастауыш буыннан орта буынға өтетін маңызды кезең. Оқушылар бірнеше пән мұғалімімен жұмыс істеуге, жаңа талаптарға бейімделеді.

Бейімделу нәтижелері:

- Оқушылар пән мұғалімдерінің талаптарына бейімделе бастады.
- Сабақ кестесінің күрделенуіне үйренді.
- Жауапкершілік деңгейі арта түсті.
- Өздігінен жұмыс істеу дағдылары қалыптасуда.
- Сынып ішіндегі әлеуметтік қарым-қатынас тұрақтанды.

Қорытынды:

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі жалпы алғанда сәтті өтуде. Кейбір оқушыларға оқу жүктемесіне байланысты жеке қолдау қажет.

Екінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Беймагамбетова А.Т. сөз сөйледі. Кеңес төрағасы педагогтердің кәсіби этика талаптарын сақтау, қызметтік міндеттерді адал атқару, білім алушылар мен ата-аналарға құрметпен қарау қажеттігі туралы және кеңес мүшелері педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу, ұжымдағы өзара сыйластықты нығайту туралы айтты.

Үшінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Кожухметова А.М. сөз сөйледі. Мектеп құжаттамасының жүргізілу сапасына бақылау жүргізілді. Тексеру барысында оқушылардың жеке істері мен электронды журналдардың толтырылу жағдайы қарастырылды. Оқушылардың жеке істері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік талаптарына сәйкес зерделенді. Тексеру барысында:

- Жеке істердің көпшілігі талапқа сай жинақталған;
- Құжаттардың (өтініш, туу туралы куәлік көшірмесі, ата-анасының жеке куәлігі, медициналық анықтамалар, табельдер) толықтығы қаралды;
- Кейбір сыныптарда құжаттарды жаңарту және толықтырмаған талаптарының сақталмау фактілері анықталды;
- Кейбір оқушыларға өздеріне сәйкес фотоларын әкелу керектігіні ескертілді.

Төртінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Беймагамбетова А.Т. сөз сөйледі. Мектептің электронды журналы ретінде **Bilimclass** жүйесі қолданылады. Тексеру барысында:

- Пән мұғалімдерінің басым бөлігі күнделікті сабақ тақырыптарын және үй тапсырмасын уақытылы енгізеді;
- Бағалар көбіне дер кезінде қойылады;
- Кейбір мұғалімдер тарапынан кешіктіріп толтыру фактілері байқалды;
- Қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалау нәтижелерін енгізуде бірлі-жарым сәйкессіздіктер мен өзгертулер анықталды,

Шешімі:

1. Психологтар оқушыларды үнемі бақыласын.
2. Педагог қызметкерлерге әдеп кодексін сақтау қатаң түрде ескертілсін.
3. Сынып жетекшілеріне жеке істерді талапқа сай жаңартып, толықтыру міндеттелсін.
4. Пән мұғалімдеріне электронды журналды күнделікті, әрі уақтылы толтыру қатаң ескертілсін.

Хатшы: _____ Кожухметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

Директорлық кеңес хаттама №3

Өткізілген күні: 26 қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: Директордың жанындағы кеңес

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1.Қорытынды аттестаттауға және мониторингтік зерттеулерге дайындық.

2.2-4 сыныптардағы оқу техникасының деңгейі.

3.Пәндік олимпиадаларының мектеп кезеңінің нәтижелері.

4. «Bilimclass» жүйесіндегі жұмыс мониторингі. Кожухметова А.Т., Беймагамбетова А.М.

5.МШ оқушыларды психологиялық сүйемелдеу.Искакова А.Е., Кишкентаева Д.О.

Бірінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Кожухметова А.М. сөз сөйледі.

Қорытынды аттестаттауға 9 А мен 9Б сынып оқушылары қатысады. Білім алушылардың оқу жетістіктері, дайындық деңгейі, қосымша сабақтардың ұйымдастырылуы, тест тапсырмаларының талдауы туралы айтылды. Мониторингтік зерттеулерге дайындық кестесі, сынақ тестілеулерінің нәтижелері, пәндер бойынша проблемалық тақырыптар талқыланды. Білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жеке білім беру маршруттарын ұйымдастыру қажеттілігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасының деңгейін (дұрыс оқу, шапшаң оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) анықтау және білім сапасын сараптау. Оқушыларға жас ерекшеліктеріне сәйкес мәтіндер берілді. Оқу барысында келесі көрсеткіштер ескерілді:

- Оқу жылдамдығы (минутына оқылған сөз саны);
- Қате саны;
- Мәтінді түсіну деңгейі;
- Мәнерлеп оқу дағдысы.

Сынып I жартыжылдық (сөз/мин) II жартыжылдық (сөз/мин)

2 сынып 40–50 сөз

50–60 сөз

3 сынып 60–70 сөз

70–80 сөз

4 сынып 80–90 сөз

90–100 сөз

2 А мен Б сыныптар:

Жалпы оқушы саны: 10

Жоғары деңгей 3 оқушы

Орта деңгей – 3 оқушы

Төмен деңгей – 4 оқушы

3 А мен Б сыныптар:

Жалпы оқушы саны: 9

Жоғары деңгей – 3 оқушы

Орта деңгей – 3 оқушы
Төмен деңгей – 3 оқушы

4 А сынып:

Жалпы оқушы саны: 5
Жоғары деңгей – 0 оқушы
Орта деңгей – 2 оқушы
Төмен деңгей – 3 оқушы

Оқу техникасын тексеру нәтижесі бойынша оқушылардың басым бөлігі төмен деңгей көрсетті. Кейбір оқушыларда сөздерді буындап оқу, тыныс белгілерін сақтамау, мәтін мазмұнын толық түсінбеу сияқты қиындықтар байқалды.

Ұсыныстар: Оқу жылдамдығын арттыруға арналған күнделікті 5–10 минуттық жаттығулар ұйымдастыру;

- Мәнерлеп оқу жұмыстарын жүйелі жүргізу;
- Қосымша жеке жұмыс қажет ететін оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу;
- Ата-аналармен бірлескен оқу жұмыстарын күшейту.

Үшінші мәселе бойынша мектепшілік пәндік олимпиадалар нәтижелері І,ІІ орын алған оқушыларды аудандық олимпиадаға жіберілетіндігі айтылды. Ағылшын тілінен 9А сынып оқушысы-Жардем Жанәділ, тарих пәнінен 10А сынып оқушысы-Алтынбек Нұрзат, биология пәнінен 10А сынып оқушысы-Найманбаев Рашит, қазақ тілінен 9А сынып оқушысы-Мұратбек Аяулым, қазақ тілінен 8А сынып оқушысы-Муратбекова Сезим,Филипенко София 9Бсынып оқушысы Қазақстан тарихынан,Варивода Регина 8Б сынып оқушысы Қазақстан тарихынан, математикадан 5Б сынып оқушысы Гурьянов Святаслав, Махненко Ксения 6Б сынып оқушысы Қазақстан тарихынан, Асылбекова Айым 5А сынып оқушысы Қазақстан тарихынан, Мұратбек Арайлым 6А сынып оқушысы қазақ тілінен, Тунгушбаева Каусар 6Б сынып оқушысы математикадан қатысты.

Төртінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Беймагамбетова А.Т. сөз сөйледі. «Bilimclass» жүйесіндегі жұмыс мониторингі бойынша барлығы жүйеде толтырылған, тек БЖБ мен ТЖБ қорытындыларын өз уақытымен қою керектігі айтылды. ҚБ күнде қою қрекетігі жүйелі түрде айтылып отырады.

Бесінші мәселе бойынша мектеп психологтары Исакова А.Е. мен Кишкентаева Д.О. сөз сөйледі.МШ оқушының психологиялық ерекшеліктерін анықтау, эмоционалдық жағдайын, танымдық процестерін, тұлғалық даму деңгейін бағалау және жеке сүйемелдеу бағдарламасы құрылды.Сол бойынша оқушылармен әңгімелесу, бақылау, тесттер, сауалнамалар өткізілді.Мұғалімдер мен ата -аналарға ұсыныстар берілді.

Шешімі:

1. Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын күшейту.
2. Мәнерлеп оқу жұмыстарын жүйелі жүргізу.
3. І орын иегері аудандық кезеңге қатысуға ұсынылсын.
4. Мұғалімдердің жүйеге тұрақты кіруін бақылауға алу
5. Психологтарға оқушыларға сүйемелдеу жұмыстарын жалғастырсын.

Хатшы _____ Кожухметова А.М.

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Директорлық кеңес хаттама №4

Өткізілген күні: 29 желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: Директордың жанындағы кеңес

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1. Білім беру сапасын бағалауды межелік бақылау. Оқу ісінің орынбасары Беймағамбетова А.Т.
2. Пәндік олимпиадаларының аудандық турына қатысу қорытындысы. Оқу ісінің орынбасары Кожаметова А.М.
3. Қысқы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру туралы. Тәрбие ісінің орынбасары Кишкентаева Д.О.
4. Жасөспірімдер қылмысын алдын алу бойынша талдау. Тәрбие ісінің орынбасары Кишкентаева Д.О.
5. Мектеп сайтының жұмысы туралы. Суйкумбаева Л.С.

Бірінші мәселе ойынша оқу ісінің орынбасары Беймағамбетова А.Т. сөз сөйледі. I жартыжылдық бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін анықтау, оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау және білім сапасын сараптау.

Бақылау түрі:

- Жазбаша жұмыс
- Тест тапсырмалары
- Практикалық тапсырмалар

I жартыжылдық қорытындысы бойынша білім алушылардың басым бөлігі оқу бағдарламасын орташа деңгейде меңгергені анықталды. Жоғары нәтижеге қол жеткізген оқушылар бар. Қиындық туындаған тақырыптар бойынша қосымша жұмыстар беру керектігі айтылды.

Алдағы уақытта:

- Әлсіз тақырыптар бойынша түзету жұмыстары жүргізіледі;
- Қосымша тапсырмалар ұйымдастырылады;
- Жеке және топтық жұмыс күшейтіледі.

Екінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Кожаметова А.М. сөз сөйледі. Жалпы аудандық олимпиадаға 12 оқушы қатысты. Аудандық олимпиадасының нәтижесі 2 оқушы Жардем Жанәділ ағылшын тілінен және Алтынбек Нұрзат тарих пәнінен 3 орынға ие болды.

Үшінші, төртінші мәселе бойынша тәрбие ісінің орынбасары Кишкентаева Д.О. сөз сөйледі. Қысқы демалыс кезеңінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бос уақыттарын тиімді әрі пайдалы өткізу мақсатында мәдени-көпшілік және спорттық іс-

шаралар ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, демалыс уақытында құқықбұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі және жолда жүру ережелерін сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігі айтылды.

Жасөспірімдер қылмысының алдын алу – кешенді, жүйелі және үздіксіз жүргізілуі тиіс процесс. Бұл бағыттағы жұмыстар тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі болып табылады. Тиімді профилактика – болашақта қылмыстың азаюының және жас ұрпақтың дұрыс әлеуметтенуінің кепілі. Мектеп бойынша ондай жағдайлар тіркелмеді. Бірақта болдырмау шаралары бойынша оқушылармен жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Бесінші мәселе бойынша мектеп сайтына жауапты тұлға Суйкумбаева Л.С. сөз сөйледі. Сайтта мектеп жаңалықтары, оқу үдерісі, тәрбие жұмыстары, нормативтік құжаттар және ата-аналарға арналған ақпараттар тұрақты түрде жарияланып отырғаны айтылды.

Сонымен қатар, сайттың дизайны заманауи талаптарға сәйкес екені, мобильді нұсқасының қолжетімділігі және кері байланыс бөлімінің жұмыс істеп тұрғаны атап өтілді. Алайда кейбір бөлімдерде ақпараттың уақытылы жаңартылмайтыны және фото-материалдардың сапасын арттыру қажеттілігі көрсетілді.

Шешімі:

1. Білім сапасы күшейтілсін.
2. Жалпы оқушыларды олимпиадаға дайындық жұмыстары күшейтілсін.
3. Қысқы демалысқа арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін
4. Жасөспірімдер қылмысын алдын -алу бойынша іс -шаралар жүргізілсін.
5. Мектеп сайтына ақпараттар жүйелі түрде жүргізілсін.

Хатшы _____ **Кожаметова А.М.**